

6B2122 – Баспа ісі

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

**білім беру бағдарламасына
сараптамалық қорытынды
(сыртқы сараптама)**

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі – БББ)

А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі

«Баспа ісі» мамандығы бойынша әзірленіп отырған бұл білім беру бағдарламасы заманауи кітап өндірісіне қажетті құзыреттіліктерді қамтыған. Қазіргі таңда кітап бизнесі мен баспа саласы қарқын алып келеді. Қоғамда кітапқа деген қызығушылық арта түскен. Әсіресе әлемдік деңгейдегі танымал кітаптарды қазақ тіліне аудару белсенді жүзеге асырылуда. Осы орайда ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы еңбек нарығында сұранысқа ие. Олай дейтініміз, жоғары білімді, тілдік тұрғыдан сауатты мамандар жеткіліксіз. Сондықтан осы білім беру бағдарламасында қамтылған тақырыптар бітірушілердің жұмысқа орналасуына септігін тигізетіні сөзсіз.

Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)

Білім беру бағдарламасы кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келеді. Ұлттық біліктілік шеңбері, салалық біліктілік шеңбері мен кәсіби стандартқа сай, сондай-ақ оқыту нәтижелері баспа саласының редакторы қызметін игеруге толыққанды қажетті құзыреттіліктерді қамтыған.

В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі

Жұмыс беруші ретінде 1-курста «Қазіргі қазақ публицистикасы мен әдебиеті», 2-курста «Тіл мәдениеті және әдеби тіл нормалары», 3-курста «Редактордың шығармашылық шеберханасы», 4-курста «Стилистика және әдеби редакциялау» пәндерінің жоспарлануын құптаймын. Сонымен бірге «Кітап бизнесі», «Электронды кітап», «Аударма кітаптар шығару» секілді элективті каталог болашақ мамандар үшін қажетті пәндер екендігі анық.

2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

Білім беру бағдарламасына алдағы уақытта «Пунктуация және орфография», «Редакторлық өңдеу» секілді пәндерді қосқан дұрыс. Дизайнға қатысты пәндер жақсы қарастырылған. Дегенмен баспа ісінің редакторы мәтін жазуды меңгеруге бағытталған пәндерді оқығаны жақсы.

3. Қорытынды:

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды

Білім беру бағдарламасын оқу процесінде пайдалануға ұсынамыз.

4. Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

Курмансейітов Қ. «Кәусар» баспасының директоры

(Аты-жөні, лауазымы)



(қолы)

(күні)

М.Ө.

